

кетіп, көркем шығарма кейіпкерлерінің мінез-құлқы іс-әрекеттері арқылы көрінетіні бәрімізге белгілі. Мысалы: «Босаға жақта ас қамымен үнсіз қозғалып жүрген ашаң тұлғалы Сырға бәйбіше бұрқылдап қайнаған самауырдың оң бүйірін ала, сызыла кеп тізе бүкті. Жаңа түскен келіндей бір тізерлей отырып шайсандықтан су жаңа орыс фарфорын шығарып, қытай жібегімен сүртіп, жұмыртқадай тізілтіп қойып жатыр. Әлден соң әдемі гүлді шыныаяқтарға құйылған хош иісті үнді шайы дастарханды жағалап кетті.

Бас қонақтың жіті назары соның бәрін қалт жібермей байқап отырды» [6, 25]. Бұл жолдардан біздің аңғаратынымыз-қонақ келгендегі Сырғаның іс-әрекеті, жай-күйі. Бәйбіше Сырғаның осы іс-әрекетінен біз үйіне құтты қонақ келгенін байқай аламыз. Шайсандықтан жаңа орыс фарфор шынысын алып, қонаққа сол шыны арқылы шай ұсынады. Шығармадағы бұл кейіпкердің осы іс-әрекеті кейіпкердің қонақ-жайлылығын аңғартады. Бұл бәрімізге белгілі С.Елубайдың «Ақбоз үй» романы. Бұл романда ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының жағдайы жақсы суреттелген. Сондай-ақ, сол кездегі қараңғы қазақ өмірінің қыл үстінде тұрған тағдыры көркем суреттелген. Қырылып-жойылуға аз ақ қалған қазақтар өмірінде осын-

дай келең құбылыстар кеңінен орын алып тұрған. Орыс отарында күн кешкен қазақ халқының іс-әрекеті осындай шығармалардан көрініс беріп тұрады. Үйіне орыс билеушісі Калашников келгенде тек үй иесі Пахраддин ғана қысылып қалған жоқ, бәйбіше Сырға да жаңа түскен келіндей сызылып қалғандығы бәрімізге айқын құбылыс. Міне, бұл көрініс кейіпкердің іс-әрекеті арқылы қандай күйде болғанын таны-тарлық жағдай.

Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекеті адам өміріндегі нақты құбылыстар. Шығармада әр кейіпкердің іс-әрекеті неше алуан түрлі болып келеді. Әр кейіпкердің мінезі сол іс-әрекет арқылы көрініс табады. Психология ғылымында іс-әрекет құбылысы негізгі көрініс болып табылады. «Психология әрдайым іс-әрекетте-мысалы, ойлау іс-әрекетін, қиял іс-әрекетін, есте сақтауды, т.б іс-әрекеттерді зерттеді» [7, 38]. Бұл тұжырымға келер болсақ, адам іс-әрекеті шығармада адамның құпияға толы сырлары мен жан-дүниесінде болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарды ашып көрсетеді.

Қорыта келе, мақаламызда психологизм ұғымының көркем шығармада атқаратын қызметтерімен таныстық. Психологизм ұғымының көркем шығармада атқаратын қызметтері мол екенін байқадық.

Әдебиеттер

1 Майтанов Б. «Қазақ романы және психологиялық талдау». Оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1996. – 336 бет.

2 Байтұрсынов А. «Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер» – (Құрастырған: Шәріпов Ә., Дәуітов С.) – Алматы: «Жазушы», 1989. – 320 бет.

3 Мұртаза Ш. «Ай мен Айша»: Роман. – Алматы: «Жалын», 1997. – 256 бет.

4 Майтанов Б. «Қазақ романы және психологиялық талдау». Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1996. – 336 бет.

5 «Психология». – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2005. – Т.10 – 480 бет.

6 Елубай С. «Ақ боз үй»: Роман. – Алматы: «Жазушы», 2011. – 376 бет.

References

1 Maytanov B. «Қазақ romany zhәne psihologiyalyқ taldau». Оқу құралы. – Almaty: «Sanat», 1996. – 336 bet.

2 Baytұrsynov A. «Shyғarmalary: Өleңder, audarmalar, zertteuler» – (Құrastырған: Shәripov Ә., Dәuіtov S.) – Almaty: «Zhazushy», 1989. – 320 bet.

3 Mұrtaza Sh. «Ay men Aysha»: Roman. – Almaty: «Zhalyn», 1997. – 256 bet.

4 Maytanov B. «Қазақ romany zhәne psihologiyalyқ taldau». Оқу құралы. – Almaty, «Sanat», 1996. – 336 bet.

5 «Psihologiya». – Almaty: «Taymas» baspa үyi, 2005. – T.10 – 480 bet.

6 Elubay S. «Ak boz үy»: Roman. – Almaty: «Zhazushy», 2011. – 376 bet.

ӘОЖ 82:801.6; 82-4/-9

Г. Толыбаева

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың II курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: darok.90@mail.ru

«Жазмышқа» жаңа көзқарас керек

Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, Қазақстанның халық жазушысы, аудармашы, ақын Қадыр Мырза Әлидің тұңғыш прозалық туындысы «Жазмыш» естелік-эссесінің көркемдік ерекшелігі, жазылу шеберлігі, жанрлас туындылармен сабақтастығы, өмір шындығын беру тәсілі, сөз саптауда қолданылған автордың әдісі жөнінде айтылады. Бұл шығармада адамгершілік, философиялық, саяси, эстетикалық проблемалар көтеріліп, қарастырылатындығы, адам тұлғасы, образы тек өз ұлтының ғана емес, бүкіл әлем мәдениетінің, бүкіл адамзат құндылықтары тұрғысынан ашылатындығы, жазушының өз идеясы қазіргі заманғы адамның мінезін жинақтап ашуға ықпал жасайтындығы, жазушы шығармаларында атақ, құрмет атты ұғымдармен түйіндеп, ол мәңгілік деген мәселелерді көтеретіндігі жазылады.

«Жазмыштағы» көтерген мәселелерінің маңыздылығы мен қызықтылығы ұтымды әдеби әдіспен нақты берілгені - жазушы шеберлігінің көрінісі екендігі сөз болады.

Түйін сөздер: естелік-эссе, «Жазмыш», ақын, жазушы, шығармашылық тұлға, қаламгерлер тағдыры.

G. Tolybaeva

«Zhazмыш» is needed new look

In article it is spoken about art feature, about literary skill, about continuity with works of such genre, about a way of expression of reality of life, about a method of the author used in the statement of the opinion in the memorial essay of the prominent representative of the Kazakh literature, the national writer of Kazakhstan, the translator, poet Kadyr Myrza Ali "Zhazмыш". And about that in this work is put and considered moral, philosophical, political, esthetic affairs; the image and type of the person becomes clear not only from the point of view of the importance of the people, but also from the point of view of world culture, the human being; and that the personal opinion of the writer influences an explanation and frankness of character of the modern person; and that the writer concludes the works by such concepts as honor, glory and that the author raises questions which are considered as the eternal.

And about that the importance and originality of the brought-up questions in an instruction essay "Zhazмыш" are given by a suitable literary method, it characterizes skill of the writer.

Key words: booklet-essay, «Zhazмыш», poet, writer, creative personality, fate of writer.

Г. Толыбаева

«Жазмышу» нужен новый взгляд

В статье говорится о художественной особенности, писательском мастерстве, преемственности с произведениями такого жанра, о способе выражения реальности жизни, методе автора, употребленном в высказывании своего мнения в первом прозаическом произведении памятнике-эссе видного представителя казахской литературы, народного писателя Казахстана, переводчика, поэта Кадыра Мырза Али «Жазмыш». И о том, что в этом произведении ставятся и рассматриваются нравственные, философские, политические, эстетические вопросы; образ и тип человека выясняются не только с точки зрения значимости своего народа, но и с точки зрения мировой культуры, человеческого существа; и о том, что личное мнение писателя влияет на объяснение и откровенность характера современного человека; и о том, что писатель свои произведения заключает такими понятиями, как честь, слава и что автор ставит вопросы, которые считаются вечными.

Значимость и оригинальность поднятых вопросов в памятке-эссе «Жазмыш» даны подходящим литературным методом, это характеризует мастерство писателя.

Ключевые слова: памятка-эссе, «Жазмыш», поэт, писатель, творческая личность, судьба писателя.

Қазақ әдебиеті тарихында үлкен дау тудырып, көптеген қаламгерлердің өзара қарым-қатынастарына белгілі бір дәрежеде өзгеріс енгізген Қадыр Мырза Әлидің «Жазмыш» кітабы болатын. «Екі мыңыншы жылдардың бас кезінде жарық көрген Қадыр Мырзалиевтің «Жазмыш» (А., 2001), «Иірім» (А., 2004) кітаптары оқырмандар арасында әртүрлі пікірлер

туғызды. Алдымен «Жас алаш» газетінде жариялана бастаған естеліктердегі қазақтың көрнекті қалам кайраткерлері, өнер иелері жайлы боямасыз, ащылау жазылған жағдайларды түсінгендер де, қабылдамағандар да болды. Осы газетте жарияланған Әлия Бейсенованың мақаласында «Иірім» «елдің өсегіне сүйеніп жазылған», «ойға сыймайды» деп сыналды. Ал М.Ма-

ғауин «Өтірік қостым ішіне...», яғни, Қадыр Мырза Әли кейіптеген Илияс Есенберлин» («Жұлдыз», 2004, №6) деген атпен көлемді мақала жазды.

Мұхтардың мақаласы хат түрінде жазылып, «Құрметті Қадыр!» деп басталған. Автор «Жазмышты» «мұнда ешқандай жазмыш жоқ, арғы бергі, әрқилы халық ортасынан шыққан жазармандар туралы деректі-дерексіз, өтірік-шынды, дүмбілез-күмәнді, өсек-аянды, қайткенде де өзі де қалам ұстаған азаматтың тергіштеп жинақтауы қолайсыз, әнтек, шетін жағдайлар жиынтығы ғана... Жалғыз-ақ қорытынды – бұрынсоңғы ақын, жазушы атаулы түгел азған, тозған жұрт екен-ау деген түңіліс емес, жиреніш қана» – деп бағалаған» [1]. Алайда зиялы қауымның мұндай әдеттері жиі орын алып жүргендіктен, «Жазмышты» тек осы тұрғыдан бағалап, осы деңгейде көру – қателік. Бұл жерде автордың еңбегі, қаншама ізденісі, жаңалығы жатыр?

«Жазмыш» қаламгерлер туралы ізденіс пен зерттеуден, талдаудан тұратын естелік-эссе. Негізінен шетелдік қаламгерлер туралы естеліктерден құралған. Әрине, егер белгілі бір туынды жайлы дау-дамай, айтыс, сыни пікірлер туындайтын болса, сол туындының оқырманның қызығушылығын тудырып, қолданысқа жарағаны деп бағалағаны жөн. Ал жазушы үшін бастысы сол! Сол себепті әдебиетте соншалықты қарсылықтар мен сындарға ұшырағанына қарамастан біз Қадыр Мырза Әлидің атал-мыш естелік-эсселерін зерттеу нысанымызға айналдырғанды жөн санадық.

Алдымен, «Жазмышта» жазғандарына үңілдік. Қадыр ақынның өз сөзінен алсақ «Қысқасы «Жазмыш» - ақындар және ақындық қасірет туралы дара көзқарас. Бұл мәселеге мүмкіндігінше тереңдеп бару, түсініп бағу» Оның айтуынша «Дүниенің ең басты жұмбағы - адам. Адамдар дүниенің бәрін түсіндіргенмен, өздерін өздері әлі де болса түсіндіре алған жоқ. Әу баста қандай жұмбақ болсақ, қазірде сол жұмбақ қалпындамыз. Ал өнер адамдары, дарын иелері, әсіресе ақындар - болмысынан бөлек, табиғатынан тылсым, қайталанбас құбылыс. Олар кейде белгілі бір шығармаларының белгілі бір сәттерінде ақырын-ақырын ашылғандай болады. Бірақ ондай сәулелі сәттер көп адамның санасына сыя қоймайды. Ақынның аты-жөні өзгермейді демесек, өзі үнемі өзгеру үстінде, құбылу үстінде, керек десеңіз, өзін-өзі жоққа шығару үстінде, жаңғыру үстінде ғұмыр кешеді. Оның өзі өмір сүруге ұқсамайды. Оның өмірі - бейнеттену, азап шегу, тіпті у ішу.

Ақын-жазушыға байланысты портрет деген сөзді жиі пайдаланамыз. Сол сөздің өзі, ұғымның өзі ақын аталатын айрықша құбылыстың сексен сегіз қыры түгіл, бір қырының бір белгісін берсе беретін шығар. Бере алмауы да мүмкін. Менің бұл пікіріме біреу келісер, біреу келіспес. Қайткенде де оны айтпасқа болмайды. Қырық кісі - бір жақ, қыңыр кісі - бір жақ демекші, алпыс адам - бір жақ, ақын өзі бір жақ». Сонымен, «Жазмышта» жазғандарын өз әлімізше біз де зерттеп, зерделеп бақтық. Тілге тиек еткен тағдыр иелерінің жазмышын, тағдырын жазушы оқырманға қалай жеткізді, оқырманын қызықтыру үшін қандай әдіс-тәсілдер пайдаланды, жазушы мақсаты не, оған қалай жетті, бұл естелік-эссе қалай жазылды деген сансыз сұрақтардың жауабын іздеп таппаққа ұмтылдық.

«Естерінде болсын, ештеңе де, ешнәрсе де кездейсоқ болмайды. Тағдырыңа билік жүргізетін жаңағы өзің айтып отырған – жазмыш», - дейді автор. Бір ойында «Мен Алаштың батыстағы орталығы Жымпитыда дүниеге келіппін. Аса тұшымды балалық шақ болған жоқ, мен алты жарым жасқа келгенде соғыс басталды да, он жарымға келгенімде соғыс аяқталды. Осы төрт жыл біздің балалығымызды жұтып қойды. Соғыс біткенде біз ересек азаматтар секілді ой толғайтынбыз. Жазмыш хақында бір ғана мысал келтіре кетейін. Әйгілі Сүлеймен Стальскийдің ақындық тағдырына кім қызықпайды?! Атақ та, марапат та, алапат танымалдылық та соның төңірегін шиырлады. Ал оның сәбилік, балалық тағдыры... «...Себепсізден себепсіз біздерді қуып шығып, әкем өзі басқа әйелге үйленгенде мен құрсақта жатыр екенмін. Мен бір жақын ағайынның қорасында дүниеге келіппін. Әкеме ашуланған нағашыларым өшін менен алғандай, мені бір ескі кілемшеге орап, әкемнің босағасына апарып тастапты. Менің өмірім міне, осылай қиянаттан, өмірге деген өксіктен басталды... Мен қорада туып қана қойғаным жоқ, қорада-өгіз жанында өстім...». Қызығатын тағдыр ма осы?! Мұндай жазмышты ешкімнің маңдайына жазбасын! Тірі әке, тірі шешенің көз алдында мал қорада ер жету – не деген сұмдық! Алайда бұл – жазмыш». Осылайша қаламгерлер жазмышын жазуды қолға алып, олардың жазмышының жұмбағын ашуға тырысқан.

Өзінің бір сұхбатында естелік-эсселерді жазу идеясы қалай туғандығы туралы былай деген екен: ««Жазмышты» да, «Иірімді» де жазамын деп ойлаған жоқпын. «Жазмышты» жазған

себебім, мен кітапты көп оқитын адаммын. Кітапты оқып отырып, өзіме ұнаған кейбір тұстарды сызып отырам. Сол сөздер есіме түскенде, әлгі кітапты аша салам да, сызған жерлерімді қайта қараймын. Сөйтіп, сызған жерлерімді қайта оқып отырсам... сүмдық материалдар! Әуелі әлгі сызған дүниелерімнің бәрін бланкотқа жазып, картотека жасадым. Картотека бойынша, он екі-он үш тақырыпшаларға бөліп шықтым. Қарасам, дайын кітап. Отызқырық жыл оқыған кітаптарымнан үш айда бір кітап жазып шықтым».

Жазмыштың анықтамаларын саралап, салыстырсақ, «Жазмыштың» орысша баламасы - «рок». Орыс ағайындар бұл сөзді қалай түсіндіреді екен деп, Владимир Дальдің сөздігіне үңілдім. Ол да негізгі мағыналардың бірі ретінде - «судьба, предопределение, участь неминуемая, суженое» - деп ұғындырыпты. КСРО Ғылым академиясы Орыс тілі институты шығарған орыс тілінің төрт томдық сөздігінде тіптен ықшам: «Судьба (обычно злая, грозящая бедами, несчастьями и т. д.)», - дей салыпты. «Жазмыш» - жалпы философиялық та категория ғой деп, біраз ғалымдармен сөйлесіп көріп едім, жартымды ештеңе ести алмадым дейді, сол жазмыш жұмбағын шешуге өзі ұмтылып, оған мән-мағынаны толық беріп, көрсетуді көздейді.

Үш бөлімнен тұратын естелік-эссе сан түрлі тақырыпты қозғап, сан түрлі болжамдар жасап оқырманын жан-жақты ойға жетелейді. Әу бастан жеңілдікпен келмейтін ақындықтың бұралаң жолы, сол жолдағы қиыншылықтар нақтылы мысалдармен, фактілермен келтіріліп жазылған туынды мол еңбек пен ізденістің нәтижесі екенін аңғартады. Ақыны болсын, жазушысы болсын, философы болсын Қадыр Мырза Әлі олардың шығармашылығынан бастап, күнделіктерімен, олар туралы естеліктермен түгелдей таныса отырып, қорытынды жасаған. Еңбек философиялық ой-тұжырым мен түйіндер жинағы, автордың өз субъективті көзқарасы басым, десе де мұндай естелік-эссенің жазылуы оқырман үшін қаламгерлер өмірі мен шығармашылығын кеңінен тануға, білуге, ақпараттануға жол ашты. Өйткені, адамның бәрі автор секілді әр жазушының шығармашылығымен, күнделіктерімен жеке-жеке таныса бермейді, ал бұл еңбек сол сұранысты қанағаттандырып отыр, бір бойына бірнеше тағдырдың тарихын сыйдырған.

Әулиелік иісі қазаққа жат тақырып емес. Әу, бастан болашақты болжап, небір болжамдарды

айтатын балгер-бақсылар ең даланы еркін жайлаған. Тіпті олардың ақындық қасиеті болған деседі. Ал «Жазмышта» жазылған әулие-көріпкелдік қалам ұстаған жанның ерекше қасиетінен саналған. Жалпы, өз тағдырын, өз өмірін болжау, өлеңнің өмірдегі құбылыстармен ұштасуы, өмірі мен өлімін өлеңде өрнектеу қаламгер атаулының шығармашылығына тән болып кетті. Автор аталмыш еңбектің алғашқы бөлімінде осы бір тағдыр иелерінің көріпкелдік-әулиелік қасиетіне тоқталады: «Жалпы өзінің тағдыры туралы бал ашып, сәуегейлік жасамаған ақын аз. Бір ғаламаты: айтқандары көбіне-көп дұрыс шығып жатады. Өздері емес, өзгелер жайында айтқандай төтесінен қойып қалады» [2, 20]. Бұлай ету, әдетте, қаламгер атаулының «тентек» мінездерінің бірінен саналады. Автор көріпкелдік пен әулиеліктің небір мысалдарын келтірген, бірін өлеңдерінен, бірін күнделіктерден, бірін естеліктерден алған. Автордың мұны жазудағы себебі, ақын не жазушының тек қияли шығарма жазып қана қоймай, шындыққа жанасымды да туындылар дүниеге әкелгенін, жалпы қалам иелерінің өзгеден бөлек мінез және болмыс иесі екенін нақты да дәйекті мысалдар арқылы көрсетіп, дәлелдеу болғанға ұқсайды. Адам тағдырын, қоғам тіршілігін болжау шығармашылық иелерінің арасында жалғасып келе жатқан дәстүрлі құбылыс. Әдетте, оқырман мұны өмірі мен өнері, өлеңі сәйкестік тапты деп айтып жатады, алайда бұл ақынның не жазушының саналы түрде жазған, біліп отырып жазған ерекше қасиеттілігі екенін ескермейді. Автор осы ойды ұғындырғысы келген секілденеді. Әсіресе, ел арасында кеңінен танымал тұлғалар өмірінен алынған деректер қызығушылықты оятудың басты құралы болғандай. Осындай қызықты естелік-эссесі арқылы Қадыр Мырза Әлі қаламгерлердің даңқы мен дарынын, таланты мен талабын, бағы мен сорын сараптап, саралаған. «Даңқ! Даңқ! Қай жағынан келуге болады саған? Алдыңнан келсе – тістейсің, артыңнан келсе – тебесің. Қуғанға – жеткізбейсің, қашқанды – құтқармайсың. Сен деп өліп-өшкеннің жанына жуымайсың. Ал енді атақ-даңқта шаруасы жоқ, жазу үстелінен бас көтермей, ғұмыры үнемі ізденіс үстінде өтетін еңбекқор сорлылардың соңынан қалмайсың...» [2, 27]. Осылай басталатын, ой толғамы даңқ туралы, шын талант туралы көркем шебер өрілген ой өрімдерімен жалғаса береді. Даңқ туралы кеменгерлердің, ойшылдардың, ақындардың ой-пікірлерін жинақтай келе, шығармашылық тұлғалар өміріндегі даңқтың пай-

дасы мен зиянын айтады. Даңқтың түрі де көп екен: кешегі, бүгінгі, ертеңгі, жесір, т.б. ал түсінікті мағынасында айтқанда, даңқ дегеніміз оқырманның шығармашылық тұлғаға берген бағасы, оған деген құрметі, марапаты. Бірақ ол салтанатты түрде әспеттеліп берілмейді, әр жерде әркімнің өз бағалауынша беріледі. Тек шын талант иесі ғана осындай даңққа қол жеткізеді. Халықтан даңқты сатып ала алмайсыз, ол оның тегін берілетін, алайда кез келгенге берілмейтін сыйы. Кейбіреулер осы даңқты сатып алмаққа ұмтылады, жер-жерде кездесулер, әдеби кештер ұйымдастырып, халықты өзіне жақын тартпақ болады, алайда егер шын талант болмаса мұнысы бекер. Высоцкий туралы келтірген деректері соны айғақтайды: «... Тек «Мәскеу ақшамы» ғана Владимир Высоцкий дүние салғаны туралы төрт-ақ жол хабар береді. Төрт-ақ жол! Бірақ соның өзі жетіп жатыр. Орталық алаң, оған іргелес жатқан көшелер мен орамдар халыққа толы» [2, 28]. Расында, даңқ жиып қоятын дүние емес, ішетін асың да болмайды, бірақ ақын не жазушы үшін бұл үлкен рухани демеуі, қиындықта қолдауы, сапар шексе серігі, жыласа жұбанышы. Қалай болғанда да даңқтың бағаласы халықтыкі. Ағаның не көкенің берген даңқы кешегі даңқтар қатарына кетеді, халықтан зорлықпен алған бүгінгі даңқың түбі баянсыз болады, ал ертеңгі даңқ – ол халқыңның нағыз махаббатынан туады. Шығармашылық тұлғалардың ақындық және жазушылық қадір-қасиеті туралы нақты деректермен, көркем тілмен баяндалған эссесінен автордың публицистикалық стильдегі еркіндігі, мәтінді шебер байланыстырып беруінен ой нақтылығы пен шынайылығы байқалады. Осы бір ой толғауын оқи отырып, «Осы даңқ туралы жазып отырғанда автор өз даңқының да қазақ даласында шарлап жүретінін білді ме екен...» деген ойға келесіз...

«Ақын да қайыршы секілді, елдің қайыр-садақасымен күн көреді.. Бір ғана айырмашылығы – көшеде қол жайып тұрмайды. Мұны айтып отырған қатардағы көп ақынның бірі емес, Анна Ахматова!» [2, 44]. Иә, аш-жалаңаштық, қайыршылық серік болар адамын таңдамайды. Жазмыш, қалай жазса, солай болады. Одан қашып кетпек жоқ. «Аш-жалаңаш ағайын» эссесінде автор ақынның тоқсан тоғыз қасиетінің бірін сөз етеді. Бұл – кедейлік, жоқтық. Жалпы, ақынның байы болмайтын секілді. Алайда, талантына табынтып жүрген ақыны не жазушысы күнделікті бір үзім наны мен бір ұрттам суын әрең тауып, тіпті, соны таба алмай

өлермен күй кешіп жатырғанын оқырманы білмейді. Олар үшін ақын не жазушы бақытты, олар да жазу-сызудан басқа қиындық жоқ секілді көрінуі мүмкін. Алайда, автор осы эссесі арқылы ақын-жазушының осындай күйін сөз ете отырып, оны оқырманына тағы да жақындата түсетіндей. Әдетте, бұл тағдыр иелерімен қатар дарын да, жоқтық та, даңқ та, атак та, ауру да қатар туатындай. Осылайша олардың бәрі жағаласып жүріп ақындық жолда серік болады, бірі алға сүйресе, бірі кейін тартады.

Шығармашылық тұлғалардың тағдырын сөз ете отырып автор қаламгерлер мен оқырмандар арасын жақындата түскен. Бұл көптеген шығармашылық тұлғалардың өмірінің жұмбақ жақтары баяндалған қызықты туынды. Әдетте, оқырман үшін қаламгердің шығармасынан басқасының бәрі жұмбақ. Автор осы тұрғыдан келгенде оқырман үшін қажеттілікті қанағаттандыру арқылы өнім өндірген. Осылайша шығармашылық тұлғалардың «Ауруы», «Дерті», «Өлімі», «Баспанасы», «Махаббаты» т.б. мәселелерін көтеру арқылы олардың шығармашылығымен қатар, жалпы қарапайым өмірдегі болмыстарын ашуға ұмтылған. Шығармашылық тұлғалардың өмірі мен тұрмысын баяндай отырып, автор көптеген қанатты сөздер мен афоризмдер тудырып отырған. «Тіріге болса болар, өліге даңқтың зияны жоқ», «Әр ақынның – егер ол нағыз ақын болса – тоқсан тоғыз қасиеті болады», «Хайуандар ғана емес, адамдар да түлейді. Бір ғана айырмашылығы – олар іштей түлейді», «Өмірге келудің бір-ақ себебі болса, өмірден кетудің ондаған себебі бар», «Бала әруақытта шындық айтады», «Адамның басы көбіне-көп ел билеушілерінің добы болып келеді ғой», «Ақынның үнін өшірудің жылдар сынынан өткен ең оңай тәсілі – қылғындыру, тұншықтыру», «Ауру дегенің өте қысқа романның өте ұзақ кіріспесі», «Өнер тұрған құпия», «Әртүрлі дарындар түгіл, бір дарынның өзі кейде өзіне-өзі ұқсамайды», «Кейде жоқтықтың өзі жаңа моданың тууына себепкер болады» т.б. айтылған сөздері орын тауып айтылып, ой нысанасы шалыс кетпегенін көрсетеді. Бұл - оның көркем тіл шеберлігінің көрінісі.

«Жазмышта» адамгершілік, философиялық, саяси-эстетикалық проблемалар көтеріліп, қарастырылады. Адам тұлғасы, образы тек өз ұлтының ғана емес, бүкіл әлем мәдениетінің, бүкіладамзат құндылықтары тұрғысынан ашылады. Жазушының өз идеясы қаламгерлердің мінезін жинақтап ашуға ықпал жасайды. Жазушы шығар-